

Қ.Қ.Мәдібаева,¹ А.Б. Төлеу^{2*}

^{1,2}М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹kapi-51@mail.ru; ²toleuainur@gmail.com

ORCID: ¹0000 0002 2396 1467; ²0009-0007-1047-0064

САРА МЫНЖАСАРОВАНЫҢ «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ОБРАЗДАРЫНЫҢ ГЕНДЕРЛІК БІРЕГЕЙЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада жазушы Сара Мынжасарованың «Әйел бақыты» романы гендерлік теория тұрғысынан қарастырылып, әйел кейіпкерлердің образына арнайы талдау жасалған. Жазушының әйел физиономиясына ғана тән ерекшеліктерді жеткізу шеберлігі мен майдан даласындағы кеңестікті суреттеу ерекшелігіне мән берілді. Жазушының ХХ ғасыр басындағы саяси науқанға сәйкес кеңестік феминизмнің келуіне байланысты қыр қыздарының әйел теңдігін қабылдауы мен ұлттық бірегейлігін жеткізу тәсілдері талданады. Сонымен қатар, шығармадағы әйелдердің гендерлік рөлдерін талдау барысында феминистік теория мен әйел бірегейлігі ұғымдарының өзара тығыз байланыста екені айқындалады. Романдағы әйел кейіпкерлер заман ықпалына сай өзін-өзі қайта танып, патриархал шектеулерге қарсылық білдіреді. Автор әйел бірегейлігін ашу үшін қазақ әйелінің ұлттық және тұлғалық даралығын алдыңғы қатарға шығара отырып сипаттайды. Жазушы әйел бейнесін терең ашу мақсатында кейіпкерлер дискурсын күрделі әлеуметтік, тарихи және саяси мәселелермен байытады. Әйел кейіпкерлер тек отбасы, дәстүр, дін аясында ғана емес, қоғамдық маңызды тақырыптарда да ой толғайды. Романдағы ер кейіпкерлер мен әйел кейіпкерлердің үлесіне гендерлік талдау жасалды. Сондықтан кейіпкерлердің гендерлік үлесінің сандық дерегі диаграмма арқылы берілді. Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы кейіпкер Ақбілек пен жазушы Сара Мынжасарованың «Әйел бақыты» романындағы кейіпкер Зейнегүлдің тағдыры ұқсас. Екі кейіпкердің бірдей оқиғаға тап болған кездегі жағдайды қабылдауы мен ішкі сезімі талданып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары кесте арқылы көрсетілді. Романдағы әлеуметтік жиындар мен той- мерекелердегі ерлер мен әйелдердің физикалық әрекеттері мен рөлдері анықталып, кестеге түсті.

Кілт сөздер: гендерлік әдебиеттану, феминистік зерттеулер, гендерлік кеңестік, бірегейлік, мультитаскинг, әйел жазушы, роман.

К.К.Мадубаева¹, А.Б.Төлеу^{2*}

^{1,2}Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹kapi-51@mail.ru; ²toleuainur@gmail.com

ORCID: ¹0000 0002 2396 1467; ²0009-0007-1047-0064

ГЕНДЕРНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ ЖЕНСКИХ ПЕРСОНАЖЕЙ В РОМАНЕ САРЫ МЫНЖАСАРОВОЙ «ЖЕНСКОЕ СЧАСТЬЕ»

Аннотация. В статье рассматривается роман писательницы Сары Мынжасаровой «Женское счастье» с точки зрения гендерной теории, и сделан специальный анализ образа женских персонажей. Особое внимание уделялось умению писателя передать черты, уникальные для женской физиономии, и особенности описания пространства на поле боя. Анализируется, каким образом в условиях политических кампаний начала ХХ века приход советского феминизма повлиял на восприятие женщинами идеи равенства полов и на способы выражения ими своей национальной идентичности. Анализ

гендерных ролей женских персонажей показывает тесную взаимосвязь между феминистской теорией и понятием женской идентичности. Под влиянием преобразований эпохи героини романа стремятся к самопознанию и выражают протест против патриархальных ограничений. С целью раскрытия женской идентичности автор акцентирует внимание на национальной и личностной уникальности казахской женщины. Для углубленного раскрытия женского образа дискурс персонажей насыщается сложными социальными, историческими и политическими темами. Женские персонажи поднимают не только вопросы семьи, традиций и религии, но и более широкие общественные проблемы. Доля мужских и женских персонажей в романе помогает провести гендерный анализ, поэтому количественный факт гендерного вклада персонажей был представлен с помощью диаграммы. Судьбы героини романа Жусупбека Аймаутова «Акбилек» Акбилек и героини романа Сары Мынжасаровой «Женское счастье» Зейнегуль схожи. Восприятие и внутренние переживания двух персонажей в ситуации, когда они сталкиваются с одной и той же историей, были проанализированы, а сходства и различия показаны в таблице. Физические действия и роли мужчин и женщин на общественных собраниях и торжествах в романе были определены и расписаны.

Ключевые слова: гендерное литературоведение, феминистские исследования, гендерное пространство, идентичность, мультитаскинг, писательница, роман.

K.K. Madibayeva¹, A.B. Toleu^{2*}

^{1,2}M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹kapi-51@mail.ru; ²toleuainur@gmail.com

ORCID: ¹0000 0002 2396 1467; ²0009-0007-1047-0064

THE GENDER IDENTITY OF FEMALE CHARACTERS IN SARA MYNZHASAROVA'S NOVEL «FEMALE HAPPINESS»

Abstract. The article examines the novel by writer Sarah Mynzhasarova "Women's Happiness" from the point of view of gender theory, and makes a special analysis of the image of female characters. Special attention was paid to the writer's ability to convey features unique to the female physiognomy, and the specifics of describing the space on the battlefield. The narrative explores how, in the context of early 20th-century political campaigns, the emergence of Soviet feminism influenced steppe women's reception of gender equality and their strategies for expressing national identity. The analysis of the female characters' gender roles reveals a close interconnection between feminist theory and the concept of female identity. Influenced by the transformations of the era, the women in the novel seek self-awareness and resist patriarchal limitations. To articulate female identity, the author foregrounds both the national and personal uniqueness of Kazakh women. In order to deepen the portrayal of the female image, the discourse of the characters is enriched with complex social, historical, and political themes. The female characters address not only issues related to family, tradition, and religion, but also broader societal concerns. The proportion of male and female characters in the novel helps to conduct a gender analysis, so the quantitative fact of the gender contribution of the characters was presented using a diagram. The fate of the heroine of Zhushupbek Aimautov's novel "Akbiyek" Akbiyek and the heroine of Sarah Mynzhasarova's novel "Women's Happiness" Zeynegul are similar. The perceptions and inner experiences of two characters in a situation where they encounter the same story have been analyzed, and the similarities and differences are shown in the table. The physical actions and roles of men and women at public meetings and celebrations were defined and described in the novel.

Keywords: gender literary studies, feminist studies, gender space, identity, multitasking, female writer, novel.

1. Кіріспе

Жазушы Сара Мынжасарованың «Әйел бақыты» мен «Төзім шеңбері» романдары да қазақ әйелдерінің, еңбекке араласуы, ескі салттарға (әмеңгерлік, қалыңмал) қарсы

шығып, теңдікке ұмтылысы туралы шығармалар. Қаламгердің әйел тақырыбында көлемді роман жазуы – газет тілшісі қызметінде жүріп, материал жинақтау процесінен басталғаны байқалады. Атап айтқанда 1960 жылы әйелдер мерекесі қарсаңында жазушы «Коммунизм таңы» газетіне «Айдындағы атты әйел» деген атпен жылқышы әйел туралды әңгіме жариялаған.

«Әйел бақыты» романы 1970 жылы «Жазушы» баспасынан «Қыр қыздары» деген атпен шығады. Тіпті сол жылы Жазушылар одағында әдеби қорытынды - баяндама жасаған Баламер Сахариев жарық көрген он үш романның төртеуіне: Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдызы», Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тері», Сейітжан Омаровтың «Қызыл үйі», Сара Мыңжасарованың «Қыр қыздарына» ерекше тоқталып талдау жасаған. «Қыр қыздары» романы осы жанрда жазылған 13 шығарманың ішінде ерекше аталып өткенімен, баспадан қысқартылып, кейбір тараулары жарық көрмей қалған. Арада 11 жыл өткеннен кейін, 1981 жылы толықтырылып «Әйел бақыты» деген атпен шығады. Романда сол кездің саяси режимдеріне ешқандай қайшылық деректер кездеспейді, қайта кеңестік әйелдің теңдігі мен еркіндігі туралы насихатқа негізделіп жазылған. Алайда әдебиеттің көлемді жанрында шығарма жазып, қазақ әдебиетіндегі алғашқы романшы әйел дәрежесінде болу авторға оңайға түспеген. Себебі патриархал қоғамда әйелдердің шығарма авторы, жазушы тұлға, идея иесі екенін түсіндіру, насихаттау жұмыстары төмен деңгейде жүргізіледі.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеуде құрылымдық талдау, салыстыру, гиносын және контент талдау әдістері қолданылды. Гиносын әдісінде әйел жазушы Сара Мыңжасарованың кейіпкерін ер жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың кейіпкері Ақбілекпен салыстырылды. Гендерлік теория тұрғысынан романдағы әлеуметтік жиындарда ер мен әйелдің рөлі, физикалық тұрғыда атқарған әрекеттері сараланды. Сонымен қатар, әйел автордың өз шығармасындағы әйел кейіпкерлерінің образын жасаудағы көркемдік әдістерді қолдануы, әйелге ғана тән физиономиялық (жүктілік, толғақ) ерекшеліктерді ашудағы әдіс- тәсілдеріне мән берілді.

2.2 Материалға сипаттама

Роман жанрында екі көлемді шығарма жазған жазушының еңбегіне гендерлік әдебиет тұрғысынан талдау жасалды. Тақырыпты зерттеу үшін Сара Мыңжасарованың 2024 жылы «Өлке», 1981 жылы «Жазушы» баспаларынан шыққан «Әйел бақыты» романы мен «Өмір көріністері» әңгімелер жинағы, сонымен қатар гендер саласында зерттеу жасаған ғалымдар : Э. Шоуолтер, Э. Сиксу, Г. Рубин, Ж. Ривкин мен М. Раян және Ә. Бақдәулетқызы, Г. Шоқым тәрізді ғалымдардың зерттеу еңбектері негізге алынды.

3. Талқылануы

3.1 Әйел теңдігі және феминистік әдебиет

Қазіргі посткеңестік гендерлік дискурс әйел теңдігі туралы зерттеу жүргізу барысында Кеңес үкіметінің тәжірибесіне соқпай өте алмайтынын айтады. Себебі Кеңес әдебиетіндегі феминизм тақырыбына жазылған көркем шығармалардың дені осы кезеңге тиесілі, сонымен қатар сол уақытта баспасөзде, әдебиетте әйелдердің

теңдік алуына жаңа үкіметтің ықпалы болды деген арнайы насихат жүрді. Бірақ қазіргі зерттеулерде 1918 жылдан бері қарай жүргізілген саясаттан әйелдердің теңдікке қол жеткізуінен бөлек, дискриминацияға көбірек тап болғаны көрсетіледі. «Кеңес үкіметінің әйел теңдігіне байланысты жүргізген реформасы алғашқы жылдары әйелдерге жаңа мүмкіндіктер: комсомол болу, қоғамдық жұмыстарға араласу, еңбек күші ретінде ұжымдық жұмыстар жасауды ұсынғанымен, әйелдер бұрынғы үй шаруасындағы міндеттерді қоса алып жүруі керек болды. Себебі жұмысшы таптың санасы да патриархал болатын, еңбекші комсомол әйел бұрынғыдай әйелдің міндеті саналатын: үй шаруасы, бала күтімі, дәстүрлі әйел жасауға тиісті салт-жоралғыларды атқара жүріп қоғамдық жұмысқа да араласты. Қоғамның патриархалды санасы ол кезде әйелдің де жеке тұлға, азат адам екенін қабылдай алмады» (Бобровская, 2020:136). Осы факторлардың салдарынан гендерлік теңдік мәселесі посткеңестік елдерде әлі күнге дейін өзекті. Алайда әйел теңдігі мәселесінің құжат жүзіндегі хронологиясы Кеңес құрамында болған елдерде ертерек басталған. БҰҰ Бас Ассамблеясының өзі 1979 жылы әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенция қабылдады. Ал, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен *Халық Комиссарлар Кеңесінің 1917 жылдың желтоқсан айында азаматтық неке мен балалар туралы және мемлекеттік актілер кітабын жүргізу туралы қаулы* шығарды. Посткеңестік елдер үшін бұл бір тарихи құжат еді, себебі осы қаулы негізінде 1918 жылы РКФСР (Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы – 1936 жылға дейін осылай аталған) 10 шілдеде қабылдаған Конституцияда (Кукушкин, 1987) ерлер мен әйелдер тең құқылы екені жазылды. Қабылданған Конституцияда әйелдердің саяси және азаматтық құқықтарының теңдігі заңмен бекітілгенімен, жүргізілген идеология басқа болды. «Кеңестік идеология құқық пен бостандық емес, міндет пен парыз ұғымына негізделді. Сондықтан әр адамның еңбек құқығы қорғалудың орнына, үкімет, партия алдындағы міндеттері болды. Осының салдарынан әйелдер тек қана жұмыс істеу құқығына ие болған жоқ, олар серіктес таңдау, қоғамдық жұмысқа араласу, бала туып, оны бағып-қағуға, отбасы мен күйеуінің қажеттіліктерін өтеуге міндетті болды. Бұл міндеттілік әйелдердің қоғам үшін өз қажеттіліктерінен бас тартып, бұрынғыдан екі есе жауапкершілік алуына себеп болды» (Мирошниченко, 2012:49). Әдебиет пен баспасөзде әйелдің қоғам алдындағы міндеті мен жауапкершілігін дәріптеп, үй шаруасы мен бала күтімін де қоса алып жүруіне арнайы насихат жұмыстары жүргізілді. «Әйел бір қолымен бесік, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген ұран пайда болды. Алайда бұл идеологияның инерциясы қазіргі медиа кеңістіктерде әлі де бар. Қазіргі гендерлік зерттеулерде әйелдерге бұндай көп міндет артып, оны талап ету үрдісін мультитаскинг (multitasking) деп атайды. (Craig L., Brown J, 2017:12). Автор әйел теңдігі мен кедейлер ахуалының түзелуіне жаңа құрылып жатқан үкіметтің ықпалы болды және ол үкімет төңкерістің нәтижесінде орнады деген идеяны негізгі желі ретінде ұстайды. «Фемининдік мәтіннің төңкерісшіл болмауы мүмкін емес.» (Burke, 2003:161). Сондықтан автор әйел кейіпкерлердің бас көтеріп, қоғамдық жұмысқа араласып, мәжіліс құрып, білім алуға талпынуын төңкерісшіл идеяның нәтижесі деп көрсетеді. Ағылшын және француз әдебиетіндегі әйел авторлардың жазу мәнеріне арнайы зерттеу жүргізген америкалық феминист-сыншы, ғалым

Элейн Шоуолтер Еуропадағы феминистік сынды игерілмеген шөл далаға ұқсатқан. (Showalter, 1981: 180). Ғалымның «Шөлдегі феминистік сын» деген мақаласы «Әйел бақыты» романымен бір жылы басылып шықты. Бұл еңбегінде ғалым өзіне дейін феминистік сын тұрғысынан жазылған француз әдебиеттанушысы Элен Сиксудың: «Әйелдердің жазу тәжірибесін анықтау мүмкін емес, себебі бұл тәжірибе ешқашан теорияланбайды, шектелмейді, кодталмайды» (Rivkin J, Ryan M, 2017:940) деген пікіріне шолу жасай отырып, әйелдердің автор ретінде зерттеулі, жазу мәнері мен әйел шығармашылығының психодинамикасы, әдебиеттегі әйелдердің жазу эволюциясына арнайы бір ғылым керек екенін талдап көрсетті. Осылайша ол гиносын терминін ұсынып, әйелдердің жазушылығына қатысты теориялар төрт түрлі айырмашылық негізінде моделденуі керек екенін көрсетті. Олар: биологиялық, тілдік, психоаналитикалық және мәдени модельдер. Осы гиносын теориясы негізінде С. Мыңжасарованың әйел тақырыбын ашудағы өзіндік шеберлігі анықталады.

«Әйел бақыты» романында жазушы Бәтима деген кейіпкер арқылы өнер, оның ішінде қазақ әдебиеті үшін ең интимді тақырып – әйел және толғақ тақырыбына тоқталады. Толғақ қысқан Бәтиманың көңіл-күйі мен физиономиалық ерекшелігін автор шынайы суреттейді. «Іші түйіліп, тынысы тарылып барады. Аттың басын тежеп, біраз демалып, қайта желіс аяңмен жүре бергенде іші қайтадан бүреді. Аттың аяңына да шыдай алмайтынын сезген Бәтима ілбіп ақырын жүрді. Әлдебір кезде ішінің түйілгені басылып, тынысы кеңіді. «Не де болса, пәрменімен атты тағы бір жіберіп көрейін, бір табан да болса, ауылға жақындай түсейін»,– деп ойлады Бәтима. Түнгі самалға денесі серги түскен ат өршелене шабады. Бұл жолы Бәтима толғақ әлін құртып, бойын билеп алғанын сезді. Аттың басын тартуға да шамасы келмеді. Жанталаса аттың басын тартпақшы болады, бірақ шамасы келмейді. Арыны басылғасын ат өзі ақырын жүре бастады. Аттың жүрісіне шыдай алмайтынын білді де, Бәтима аттан түсіп жаяу жүрді. Толғақ бастапқыдан жиілеп барады, іші бүріп қара саны сырқырап кеткенде тұра қалады. Енді толғақ адым аштыратын емес. Өз жағдайының қиын екенін Бәтима енді ғана сезді.» (Мыңжасарова, 2024:341). Автор өзіне таныс, әйелдер ғана суреттей алатын толғақтың күйін жеткізу үшін көркемдік әдіс ретінде параллелизмді (Ахметов, 1998:262) қолданған. Жазушы аттың жүрісі мен толғақтың келу динамикасын параллель ұстайды. Ат жылдам жүрсе, демек толғақ тарады, әйелде күш бар, жылқыны игере алады. Аттың жүрісі баяуласса, демек әйел әлсіреді, жылдам жүруге қауақары жоқ. «Әдеби шығармаларда әйелдің тәнінде ғана болатын физикалық ерекшеліктерді шебер суреттеп, шынайы жеткізу үшін жазушы әйелге патриархал санадан азат интеллект керек.» (Showalter, E. 1981:12). С. Мыңжасарова гиносын теориясының бұл талабын білмесе де, әйелдің ахуалын әйел ғана шебер жеткізетінін түсінген. Гендерлік бірегейлік негізінде Бәтиманың толғағын көркемдік тәсілдермен жеткізген.


Автор қалың мал және әменгерлік салтынан шыға алмай, торыққан қазақ қыздарының тағдыры туралы жаза отырып, салттың әу бастағы әлеуметтік жүйесінің, идеясының басқа болғанын айтып өтеді :«Алғашында жастар ешкімнің қолына қарамастан, бірден үй болып кетсін деген жақсы ниетпен жігіттің әкесі мал беріп, қыз үйі жасау жасап, жаңа қосылған жастарды жеке шығару үшін пайда болған

қалыңмал, келе-келе озбырлық салтқа, мал берген жер қызды еріксіз әкету үйреншікті әдетке айналды.» (Мыңжасарова, 2024:8). Феминистік сын тұрғысында қалың мал мен әменгерлік салты гендерлік ғылымдағы «Әйел-тауар» дискурсында талданады. Бұл терминді ғылымға енгізген феминист-антрополог Гейл Рубиннің 1975 жылы «Әйелдер тауар көзі: «саяси экономикадағы» жыныс түсінігі туралы ой-пікір» (*The Traffic in Women: Notes on the 'Political Economy' of Sex*) атты мақаласы арқылы ендізді. (Rayna, 1975). Көркем әдебиетке автор ретінде келген әйелдердің алғашқы шығармаларының феминистік бағытта болуы кездейсоқ құбылыс емес. Ғалымдар гендерлік теория тұрғысынан әйел айырбасына қатысты этнографиялық және тарихи мысалдарды жер бетін мекендейтін кез-келген этностан табуға болатынын анықтаған. «Әйелдерді күйеуге береді, олар соғыста олжа ретінде, ризашылыққа бөлену мақсатында сыйға беріледі, саудаланады, сатып алынады, сатылады. Бұл іс-әрекеттер «жабайы» қоғамнан алшақтағаннан кейін де жойылып кетпеді, керісінше, олар «өркениетті» қоғамда бұрынғыдан да айқынырақ және коммерцияланған түрде жүзеге асатын болды.» (Rayna, 1975:160). дейді. Феминистік теория тұрғысынан әйел – тауар түсінігі бүкіл адамзат тарихына ортақ. «Әменгерлік күйеуі қайтыс болған әйелдің қайнысына не қайынағасына, яки күйеуінің басқа бір туысына некелесу салты.» (Әлімбаев, 2017:451). Көшпелі өмір салтында әлеуметтік мәселелерді реттеп отыру үшін мұндай институттар қажет болды.

С. Мыңжасарова «Әйел бақыты» романында бас қаһарман (кейіпкер емес) жоқ. Күрескер, білімді, жаңашылдыққа талпынатын, ерлермен бірге майдан даласында жүретін, хат танитын сауаты бар, қандай қиындыққа болса да төзе білетін, мәжіліс ашып әйелдердің еркі мен қалауын ашық айта алатын, өзі сұлу, биязы, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсететін мінез- қылығы (характер) мен портреті бар бас қаһарман жасалса, шығарма нанымсыз болар еді. Сондықтан жазушы бұл қасиеттерді бір ғана бас кейіпкерге жинақтамай, әртүрлі әйел образдары арқылы көрсетіп, қыр қыздарының бірегейлігін айқындаған.

Романдағы жалпы кейіпкерлердің саны - 59. Әдебиетті гендерлік теория тұрғысынан зерттеушілер көркем шығармаларда ер кейіпкерлердің саны әйел кейіпкерлерге қарағанда көбірек болатынын анықтаған. « Хамилтон Майкл және т.б ғалымдар балаларға арналған сатылымы жоғары 200 кітапта әйелдерге қарағанда еркек кейіпкерлер 53 % көп кездесетінін анықтаған. Мұндай құбылыс қазақ әдебиетіне де жат емес.» (Адаева, 2022: 214). Тіпті шығарманың өзі әйелге арналған болса да, “Әйел бақыты” романында әйел кейіпкерлердің үлесі ерлерге қарағанда екі есе аз. Ер кейіпкерлер саны- 40, ал әйелдер-19. *1- суретте* көрсетілді.

“Әйел бақыты” романындағы кейіпкерлердің үлесі



1-сурет. “Әйел бақыты” романындағы кейіпкерлердің үлестік көрсеткіші

3.2 «Әйел бақыты» романындағы қазақ әйелдерінің бірегейлігі

XX ғасырдың басындағы қазақ әйелдерінің танымы мен әлеуметтік ортадағы бірегейлігі қазіргі, XXI ғасырдағы әйел кейіпкерлермен салыстыруға келмейді. Бұл құбылысты әлеуметтанушы Энтони Гидденстің (Ковалева А., Перинская Н, 2020.) бірегейлікке берген анықтамасымен түсіндіреміз. Зерттеуші бірегейлікті тұрақты емес, үнемі өзгеріп тұратын динамикалық құбылыс деп анықтаған. Адамдардың бірегейлігіне тарихи оқиғалар мен саяси жағдайлар, ұлттық дәстүр мен мәдени орта әсер етеді. Шығармада әйел кейіпкерлердің үлесі аз болғанымен бір - біріне ұқсамайтын әйел образдары жасалған. Атап айтқанда, дәстүрлі әдебиетте жағымсыз кейіпкер ретінде бөліп қарастыруға болатын Зейнегүлдің өзін образ деңгейіне дейін көтеріп, оған турашылдық пен күрескерлік мінезін берген.

Зейнегүл образы. Ол – әке-шешесі қарт, қорған болар ешкімі жоқ, сұлу келіншек. Қазақ салтымен тойы жасалып, үйден ұзатылмаған. Бірақ сұлу Зейнегүл Жұманның арбауына түседі. Жұман роман құрлымын біртұтас етіп ұстап тұрған – антагонист кейіпкер. Тап күресі мен әйел теңдігі жайындағы тартыс осы мықты кейіпкер арқылы өрбіп отырады. Жұман Зейнегүлге үйленбейді. Ол қызды қалаға ертіп барып, картаға ұттырып жібереді. «Зейнегүл Жұман картаға ұттырып жібергеннен кейін карташының тоқалы болып бес- алты ай тұрды да, жақсылап киініп, қолына қаржы түсіріп алғасын, басы бос біреуге ілесіп кетсем деген ойға келді. Бір күні ол базар аралап жүргенде керуенші жас жігіт тап бола кетті. Бірақ Лепсіге жете бергенде керуеншіні солдаттар ұстап алды. Керуен тоналып жатқанда Зейнегүл қашып шықты.» (Мыңжасарова, 2024:97). Ауылына оралған Зейнегүлді ешкім жақтырмайды. Бәлесі жұғады деп ол отырған орынды аластайды. Зейнегүлдің тағдырын ойыншыққа айналдырған Жұманды ешкім жазғырмайды. Әлеуметтік қысымға ұшыраған әйелге ешкім де жанашырлық танытпайды. «Оның үстіне кемпірлер Зейнегүл отырып кеткен жерді аластап, естері шығатынын талай көрген. Ал Зейнегүл қайтып

оралғалы, оның әкесінің үйімен ешкім араласпайды. «Шайтан араласқан жерде құт қалмайды» деп Елпан Зейнегүлдің әкесіне қойын баққызбай қойған. Былтырдан бері Зейнегүлдің әкесі қысы-жазы жертөледегі жалғыз үй» (Мыңжасарова, 2024:160). Автор қауымынан бөлініп қалған Зейнегүл мен ол тұратын жертөлени параллелизм (Ахметов, 1998:262) бейнелеу әдісімен салыстыра отырып былай суреттейді: «Зейнегүлдің жертөлесі қосаяқ тышқанның іні сияқты жерді үңгі қазылған. Терезесі төбедегі алақандай қарын. Алыстан карағанда үй бар екені белгісіз жертөле жермен -жексен. Ішінің де реңі нашар.» (Мыңжасарова, 2024: 235). Жертөлениң іші мен сырты кейіпкердің көңіл-күйін аңғартады. Елден жырақ, жермен-жексен болып, бөлек жатқан жертөле мен қауымынан жырақталған Зейнегүл. Зорланған қызды ешкім түсінгісі келмейді. Езгіге түсіп, зорлық көрген құрбан әйелге өз ортасы, ауылы бөлектеп тастау арқылы қоғамдық қысым көрсетеді. Зейнегүл секілді жәбірленушінің қоғам алдында одан сайын жазаға тартылып, қорлыққа ұшырауын гендерлік зерттеу теориясында виктимблейминг (ағл. *Sөзі victimblaming*) - құрбанды айыптау деп қарастыралды. Бұл терминді алғаш рет «1971 жылы Уильям Райан *Жәбірленушіні жазғыру - Blaming the* деген кітабында қолданған» (Бендрикова, 2018:79). Бірақ әбден жәбірленген, солдаттардың қолжаулығы да болған, ашынған Зейнегүл ойын іркіп қалмайтын, батыл адамға айналған. Автор Зейнегүлдің сөздері арқылы романдағы басқа әйел кейіпкерлерді салыстырады. «Сен неменеге итаршы болып отырсың, сорлы тоқал. Сенің күнің менен артық па? Сен шалға, Қаншайым балаға тиіп қарық болдыңдар, өй, өңкей сорлы! Мүсәпір! Әлі де сендерден менің күнім артық» (Мыңжасарова, 2024: 49). Зейнегүлге жиіркене қарайтын әйелдердің бірі тоқал, бірі әмеңгерлік жолымен өзінен кіші балаға қосылған. Автор қыр қыздарының тағдырын Зейнегүлдің осы сөйлеміне сыйдыруға тырысқан.

Зейнегүл образы арқылы жазушы «Қазақстандағы 1918-1920 жылдардағы Азамат соғысы» (Өскембаев, 2019:69) кезіндегі ақтар мен қызылдар қақтығысындағы қазақ ауылының ахуалы мен әйелдердің жағдайын көрсетеді. Жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілегі» (Аймауытов, 1989) мен Сара Мыңжасарованың Зейнегүлі осы Азамат соғысы кезіндегі қақтығыстың құрбандары. Екеуі де ауылға шапқан орыс солдаттарының зорлығына душар болады. Екі кейіпкердің кульминациялық оқиға кезіндегі іс-әрекеті мен екі жазушының авторлық шешімі кестемен көрсетіліп, салыстырылды. 1-кесте.

1-кесте. Зейнегүл мен Ақбілектің кульминациялық оқиға кезіндегі іс-әрекеті

Зейнегүл	Ақбілек
1.Бір солдат Зейнегүлді үйден сүйреп шығарып, құлағынан алтын сырғаны алмақшы болып алысып жүр. Зейнегүлдің құлағы жырылып, сырға солдаттың қолында қалды. Зейнегүл ышқына айқайлап жіберді. (Мыңжасарова, 2024: 98)	1. Үш орыс қызды көтеріп, ойбайлатып алды да жөнелді. «Апатайлаған» айғайы жер-көкті жұлып, Ақбілек зарлап, аттардың дүрсілі тауды дүрсілдетіп, абалап иттер қуып бара жатты.(Аймауытов,1989: 150)

<p>2. Таң бозарып атып келеді. Елден бұрын оянған Сириков басын көтеріп Зейнегүлге қарады. Бет-аузы жастан, жырылған құлақтың зардабынан іскен, ыстығы көтерілген әйелдің бет-әлпеті қаракөлеңке үй ішінде көкшіл тартып, мүлде реңсіз көрінді, Сириков жиіркеніп теріс айналды. (Мыңжасарова, 2024: 117)</p>	<p>2. Ақбілек есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың басын бүріп, киіз жапқан кішкене коста өңшең серейген, быркыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде жатыр екен. Оң қолын Ақбілектің үстіне артып, қақ қасында бетінен түгі шыққан, шашы дудыраған, істік мұрын жирен орыс жатыр. (Аймауытов,1989: 159)</p>
<p>3. Осы бір жыл ішінде Зейнегүл өмір диірменінің қай тісінен өтпеді? Неше адамның қолжаулығы болмады. Семейден ауылға жеткенше солдаттар оны неше рет қолға түсірмеді? Зенегүлде қалған абырой бар ма? Жоқ. Олай болса, осы өмірдің қажеті не? Оны Зейнегүлдің өзі де білмейді. Бірақ өзін қорландым деп есептемейді де, өмірден безінбейді де. (Мыңжасарова, 2024: 116).</p>	<p>3. Осы арам деміммен, арам аузыммен әкемнің иманды жүзіне қалай жақындармын? Құдайдан қорықпай оның құтты қадам мешіттей үйіне қалай кіремін? Кәпір сүйген, аймалаған аяғыммен жайнамаз салатын жерін қалай денем шімірікпей басармын? Кәпірді құшақтаған арам қолымды қайтіп әкемнің адал дастарханына апарып, қайтіп бір табақтан ас ішермін? Мен көргенде «пәленшенің орыс бүлдіріп кеткен қызы», деп кім көрінген ішінен ойлап тұрады-ау. (Аймауытов,1989: 201)</p>

Кестеде көрсетілгендей, *1-мысалда* Зейнегүл мен Ақбілек екеуі де айқайлап көмек сұрайды. Ж. Аймауытов кейіпкерінің айғайын әсерлі ету үшін, қосымша фон ретінде аттың тұяғының дүрсілі мен иттердің үргенін оқиғаға паралель алады. Ал жазушы Сара Мыңжасарова оқырман назарын детальға бұрады. Қарсылық көрсетіп жүрген Зейнегүлдің сырғалығы жырылып, алқымын қан басады. *2-мысалда* Ж. Аймауытов кеңістікке (үй ішіне) әйел кейіпкерінің (Ақбілектің) көзімен қараса, С. Мыңжасарова үй ішіндегі зорлықшылдың әрекеті мен ойын жазады. Сонымен қатар, Аймауытов жатсыну категориясы арқылы Ақбілектің жан дүниесіндегі құбылыстарға дендейді. *3-мысалда* Ж. Аймауытовтың зорлық көрген, жәбірленген кейіпкері кірлендім, кінаһарға айналдым деп өзін-өзі жазғырады. Орыс солдатын жатырқау әрекетіне бағытталған бояуды жазушы қалындатып береді. Жұрт бетіне қалай қараймын деген уайымға түседі. Сара Мыңжасарова болса, бұл кейіпкерінің қандай қиындық көрсе де, өмірден безінбейтінін жазады. Бір тарихи оқиғада зорлық-зомбылық көрген екі кейіпкердің шығармадағы мотивтері ұқсамайды. С. Мыңжасарова өз кейіпкерін қажымайтын, қиындықтарға жолыққан сайын өзінен безінбейтін өмірге құштар әйел ретінде қалыптастырған.

Сұлусарының тағдыры. «Әйел бақыты» романындағы әр кейіпкер арқылы жазушы ХХ ғасыр басындағы қыр қыздарының тағдырын көрсетуді мақсат еткен. Сұлусары – жетім қыз. Он екі жасында Елпан деген байдың үйіне жалшы болып келіп, кейін тоқал әйелі болады. Жазушы Сұлусарыны тоқалдықта жүрген қазақ әйелдерінің образын ашу үшін романға қосқан. «Некесі қиылғанымен Сұлусары сол жалшы қалпы: отпен кіреді, күлмен шығады. Үйдің бар шаруасы мойында» (Мыңжасарова, 2024: 79). Өз қалауымен өмір сүріп көрмеген Сұлусары достыққа адал. Артық

сөйлемейтін, тағдырына көндіккен кейіпкер бар мұңын әмеңгерлік жолмен өзінен жасы кіші балаға тұрмысқа шыққан Қаншайымға айтады. Сұлусарының күндесі – Шекер. «Күндес – бір еркектің алған әйелдері» (Әлімбаев, 2017:417) Шекер – күйеуін үнемі қызғанатын бәйбіше. Бәйбіше – байырғы отбасылық дәстүрде қалыптасқан жұбайлық мәртебе, бірнеше әйел алған ер адамның бірінші әйелі. (Әлімбаев, 2017: 602). Шығармада кейіпкерлер мәжіліс ашады. Әйел теңдігі туралы декретті талдауға барған жиналысты өзіне оңтайлы пайдаланғысы келген Шекер Сұлусарыға жала жабады. Мәжілісте Сұлусарыға сөз беріледі. Тоқал артық ештеңе айтпайды. «Біз көремізді көріп, сөйлерімізді сөйлеп болғанбыз. Тек өзгелері біздің жолымызды қуып жүрмесін» (Мыңжасарова, 2024: 299). Осыдан артық сөз айтпаған Сұлусарыға Шекер: «Не дейді, әй, мына жаман күн? Сүйреңдеме! Өшір үнінді, - деді ала көзімен ата қарап» (Мыңжасарова, 2024: 299). Бұл диалогтан автор дәстүр бойынша Шекер бәйбішенің жолы мен дәрежесінің үлкен екенін, ол бар жерде Сұлусары тоқалдың артық ештеңе айта алмайтынын анық байқатады.

Елпан бай жиналыстан қайтқан әйелдерінің алдынан шығады. «Неше қап теңдік теңдеп келдіңдер? Қатындардың бетімен кететіні рас па екен? Қайсың жаңа заңға қол көтердіңдер, – деп Елпан жирен сары сақалын сипап, әйелдеріне күлімдеп қарап еді, екеуінің де ашуға мінгенін аңғарды.» (Мыңжасарова, 2024: 303). Сұлусарының қысқа ғана өмірі осы жерде бітеді. Шекер бәйбіше жиналыста Сұлусары теңдік сұрады деп жала жабады. Елпан тоқалын өлімші етіп сабайды. «Қаншайым мен Дәмелі Сұлусарыны шешіндіріп, жарақаттанған жерін таңбақшы болып қозғай бергенде, Сұлусары қатты ыңырсыды. Бұлар түбімен сөгіліп, бұрымға қоса жыртыла сыпырылып, қызыл еті шығып қалған Сұлусарының басын көріп шошып кетті.» (Мыңжасарова, 2024: 307). Тоқал әйелдің арманы мен мұраты туралы Елпан ойланбайды. Елпанда әйелдерге эмпатия жоқ. Елпан – әйелдерді ақылсыз, ашуға тез беріліп эмоциясын ұстай алмайтын жаратылыс деп есептейтін кейіпкер. «Құдағи, әйелдік істеменіз. Әйел деген ашуы алдында, ақылы артынан келетін халық болады. Сіз де әйел тұқымынансыз.» (Мыңжасарова, 2024: 365). Автор Елпан кейіпкер арқылы ХХ ғасыр басында қоғамда айқын көрініс тапқан әйелдер туралы стереотиптерді ашық көрсетеді. «Гендерлік таптаурындар деп әлеуметтік-мәдени тұрғыдан белгіленген ой-пікірлерді танымыз, сондай-ақ жыныс өкілдерінің мінез-құлық нормалары қасиеттері, атрибуттық пікірдің ақиқат бөлігінің тілдегі көрінісі деп білеміз.» (Shokum, 2022: 8). Елпан кейіпкердің сөзімен берілетін романда келтірілген таптаурындар әдебиетімізде әлі де көркем шығармалар арқылы қайта өндіріледі.

Қаншайымның оқиғасы. «Әйел бақыты» романы осы кейіпкердің оқиғасымен басталады. Қаншайым образы арқылы жазушы әмеңгерлік салтының әйел тағдырына тигізетін әсерін жеткізген. Қаншайым – өз сүйгеніне қосыла алмаған, көнбіс, құрбан кейіпкер. Ол теңдік алуға тырысып, өз қалауы бар екенін ашық айтып қарсылық білдірмейді. Ішінде аласапыран айқас жүріп жатқанымен, Қаншайым өзі келін болып түскен үйдің адамдарына сатқындық жасамайды. Келін болып ұзатылып бара жатқан ханшайымға сүйген жігіті Мұса қашып кетуге ұсыныс айтқанда, Қаншайым өзінің құрбан әйел екенін түсіндіреді. «Сен тозаққа түс десең, тайсалмай барар едім. Өңгіме оның ақырында жатыр. Тіпті ауылға тимей- ақ әкемнен айып төлетіп алғанда

күндері не болмақ? Мына шиеттей бала-шаға мойындарына ала дорба іліп, ел ақтап кетпей ме? Бұларды шулатып, қайыршылыққа ұшыратып, бақыт көксей алам ба? Не де болса өзімді осы бауырларыма құрбан етем» (Мыңжасарова, 2024: 13). Қаншайымның күйеуі – Қалдыбек ойын баласы. Жұртына келін түсіп, өзі үйленіп жатқанын қабылдамайды. «Дәмелі мен Сұлусары Қалдыбекті әрең дегенде оятып, үйден алып шықты, Бала ұйқысын аша алмай, көзін уқалап ауық-ауық есінейді» (Мыңжасарова, 2024: 31). Уақыт өтіп, жігіт жасына жетіп, қалада оқитын Қалдыбек әйелі бар, үйленген адам екенін жасырады. Қаншайым ғана емес, Қалдыбек те ескі салттың құрбандары.

Дәмелі. Қаншайымның енесі. Автор бұл кейіпкер арқылы қазақ әйелдерінің мінезінде кездесетін даналық пен төзімді, мейірім мен аңғалдықты жазған. Романның өне бойында Дәмелі жат жерге түскен келінін бірден өзіне жақын тартып, оған тілекші екенін, жалғыз ұлы Қалдыбектен кем көрмейтінін іс-әрекетімен дәлелдейді. Тіпті өз сүйгеніне қосылмай, тағдырына көніп келген келіні, енесінің мейірімі мен адамгершілігінен аттап кете алмайды.

Балымайдың болмысы. Сауатты, өнерлі, ақсүйек әйел. «Балымай Семейдің атақты ақсүйек байының қызы.» (Мыңжасарова, 2024: 64) Жұман деген оқыған, әрі ауқатты жігіттің әйелі. Романда Жұман Балымайдың үстінен Гауһар деген сұлу, кедейдің қызын тоқалдыққа алмақ болады. «Тоқал – көп некелі отбасындағы екінші әйел. Дәулетті ер адам өзінің бірінші әйелі, яғни бәйбішенің үстінен екінші әйел алса, онда ол тоқал деп аталған». (Әлімбаев, 2017:397).

Ерке өскен байдың қызы – Балымай күйеуі – Жұманның тоқал алу туралы шешіміне қарсы шығады. Өзіне жасалған қорлық деп түсініп, ажырасады. XX ғасырдың басында әйелдің ажырасу туралы шешім қабылдауы қиын. Себебі ол Жұманның ғана әйелі емес. Келін – бір әулеттің адамы. «Келіннің кетуі сүйекке таңба. Тіпті масқара. Ал, Балымайды қорқытып көндіре алмайтыны тағы белгілі. Төркіні күшті. Табан тіреп жауласып кетуге жарайтын жандар.» (Мыңжасарова, 2024: 66). Бұл кейіпкер арқылы автор көзі ашық, сауатты әйелдің образын жасаған. Балымай артық сөзге келіп ешкіммен ұрыспайды. Қыр қазағына әйел теңдігі туралы түсіндіру үшін мәжіліс құрып, сауатты сөйлеп, өзіне қарсы шыққан адамдарға эмоциясын көрсетпей, баппен жауап береді. Автор Балымайдың ішкі сезімдеріне қарағанда, көпшілік арасында сөйлей алатын шешендігі, ұстамдылығы мен тез арада шешім шығару қабілетін ашып көрсеткен. «Әйел қызмет істеуге, қоғам өміріне қатысуға құқылы. Әйелді қалың малға сатушылар, көп әйел алушылар, ұрып-соғушылар жауапқа тартылады. Әйел еліміздің теңқұқылы азаматы,- деп Балымай байсалды үнмен айтып тұр. Ол не жаңылып, не қысылып, мүдіріп қалған жоқ. Баппен айтылған сөздері түсінікті. Қоңырлау даусы құлаққа жылы тиеді» (Мыңжасарова, 2024: 294). Балымайдың жинаған білімі, материалдық және әлеуметтік жағдайы еркін әйелге айналдырған. Сондықтан ол күйеуінің өзінен басқа, тағы бір әйел аламын дегеніне көнбейді. Осы образ арқылы автор сауатты әйелдің қорлыққа төзбейтінін, қиындықты еңсере алатынын жеткізіп, үлгі көрсетеді.

Гауһардың образы. Романға динамика берген, әрекетшіл, күрескер кейіпкер. Бірінші рет шығармада әмеңгерлікпен ұзатылып бара жатқан әпкесі Қаншайымның

қасында жүргенде көрініс береді. «Гауһар батыл да батыр қыз екен. Талшыбықтай жіп-жіңішке болса да, өзі тіпті әлеуетті, ертеңгісін байқадыңыз ба, жаралыларды арба үстіне орналастырып, көтерісіп, жайлырақ жатқызып, жаны қалмай жүр» (Мыңжасарова, 2024: 244). Патриархал қоғам Гауһарға да өз талабын қояды. Сұлу, нәзік, өнерпаз қызды Жұман екінші тоқал етіп алуға дайындалады. Қыздың әкесіне қалың малы беріледі. Гауһардың сүйген жігіті – Ақынғұл. Ол да ескі көзқарасқа қарсы, жаңа заманның орнауына құштар адам. Гауһар әлеуметтік ахуалының нашарлығына қарамастан әрекетшіл қыз. Айқас жүріп жатқан аймаққа барып, қансыраған сарбаздардың жарасын танады. Түнімен атпен орталыққа барып жаудың келе жатқаны туралы хабар береді. «Өзгелер үшін жанын аямау адамгершіліктің шыңы емес пе, осы жүргенде жалғыз өзім ер адамдардың ішіндемін деп ойламайтын да, өзінің басқа жынысты екенін ұмытқан да сияқты». (Мыңжасарова, 2024: 244). Гауһар образы арқылы жазушы өз бақыты үшін басын қатерге тігіп, соңына дейін күресе алатын, жорық заманында, жедел шешімдер қабылдап, майдан даласында салқын қандылық таныта алатын қазақ қыздарының болмысын ашқан. Теңдік үшін күресіп жүрген қазақ қыздарын бір ғана вектормен қарауға болмайды. Орталықтанған, барлық кеңестік кеңістікке үлгілі типтенген әйел образын жасау науқаны жүріп жатқан кезеңде автор қазақ қыздарының болмысына үңілген, бірегейлік категориясы арқылы кейіпкер жасаған.

3.3 Романдағы гендерлік кеңістіктер мен әрекеттер

Қоғамдық кеңістікке қатысты әділеттің түрлі аспектілерін қамтитын әлеуметтік зерттеулер жүргізген Лоу мен Эвесон қоғамдық кеңістіктегі гендердің әділет моделін ұсынды. (Setha Low & Kurt Iveson, 2016). Осы модель тұрғысында С. Мыңжасарованың майдан даласындағы әрекетті беру әдісіне тоқталуға болады. «Қара дөңнің астында қалған солдаттар тамырын қопарып шауып, жинамай тастап кеткен қарағаш сияқты әне жерде біреуі, мына жерде біреуі дөңкііп-дөңкііп жатыр. Ауыл ортасы опыр-топыр. Жау да кедей тобы да өлімге бас тігіп, ашына белдескен айқас дәл ауыл ортасында » (Мыңжасарова, 2024: 120:). Романда азамат соғысы жүріп жатады. Ақтар мен қызылдар арасындағы айқас кезінде соғысқа Гауһар деген кейіпкер де барады. Жараланған жауынгерлерге дәрі жағады, қанын тоқтатып, алғашқы көмек көрсектеді. «Сан-сапалақ алыс пен атыс басылса да, оқтың гүрсілі құлақтан кететін емес» (Мыңжасарова, 2024: 122: 2024). Романда әйел кейіпкерлер қактығысқа араласпайды. Бірақ жараланған сарбаздарға алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Әйел кейіпкерлер тойдағы салт-жоралғылық әрекеттерде белсенді. Той – көпшіліктің қатысуымен атқарылатын салтанатты іс- шара (Өлімбай, 2017: 394).

Роман бойынша той-жиынында ер кейіпкерлердің физикалық тұрғыдағы іс-қимылдары әйел кейіпкерлерге қарағанда аз (2-кесте).

2- кесте. Той –жиынындағы гендерлік әрекеттер

Әйел	Ер
«Тынықта түтіні аспанға тік көтерілген жер ошақтардың жанында күйбеңдеген әйелдер». (Мыңжасарова, 2024:17).	Ауыл ортасында топ -тобымен қаумалай малдастарын құрып отырған еркектер. (Мыңжасарова, 2024::17).
Досанның әйелі Дәмелі үйден екі-үш иленген теріні <i>алып шығып, оң босағаның сырт жағына қойды.</i> (Мыңжасарова, 2024::19).	Ауыл ортасында үйрім- үйрім болып <i>отырған</i> еркектер де <i>орындарынан</i> тұрысып, келіншек келе жатқан жаққа көз тіккенде Жұмалар да үйіне жақындаңқырап барып <i>тұрды.</i> (Мыңжасарова, 2024::19).
Әйелдер отқа май құйғызуға дайындалып күйбеңдеп жатыр. (Мыңжасарова, 2024::22).	Табак-табак етті жігіттер әкеліп, жағалата дастарханға қоюда. (Мыңжасарова, 2024:29).

Әлеуметтік жиындарды ұйымдастыру, онда жасалатын ритуалдар мен жөн-жоралғыларды романда әйелдер атқарады. Ал ерлер сол жиынның өткеніне дейінгі шешімді қабылдайды. Атап айтқанда романның алғашқы бөлімінде Досанның үйіне келін түсіп жатады. 2-кестегі мысалдар сол шарадан алынған. Келін түскенге дейін ауылдың ақсақалы Елпан мен оның інісі Досан келіннің қалың малын төлеу, үйлену керек балалары қайтыс болғандықтан келінді бала Қалдыбекке қосу туралы шешімді шығарып қойған. Сонымен қатар, осы роман арқылы қазақ қоғамындағы егде тартқан әйелдің құрметті екенін анық байқалады. «Құда, Бәтима піріме сүйеніп келдім. Мен елуге жақындаған адаммын. Иә, құда, атаң қазақ қарт әйелді ана демеуші ме еді, ана сөзін халқым ар көрмеуші еді ғой». (Мыңжасарова, 2024:42). Автор әйелдің анамын дегенінен соң, ер кейіпкердің әйелді тыңдағанын жазады. Патриархал жүйеде әйелдің орны ана статусына байлаулы. Кеңес Одағы көркем шығармалар арқылы ана архитипі туралы түсініктерді қайта өндірді. Ана дегеніміз балалы болған әйел. Әйелдің репродуктивтілігі қоғамдағы статусына әсер етеді. «Келін ұл тапса ғана социумға пайдалы мүше деп қабылданады. Ана образына қатысты бұл фактіні Симона де Бовуар, Лаура Мальви және өзге де ғалымдар байқап, сынаған. Бұл тұста ананы бірегей де күрделі тұлға ретінде емес, Отанның жалпылама жинақтаушысы, смволикалық идеалы ретінде көрсету дәстүрін айтып отырмыз. Мұндай дискурс «отбасы – ұлттың негізі, ана – ұлттың ұйытқысы» деген доминант ресми идеология шеңберінде алғы шепке шыққаны мәлім» (Бағдәулетқызы, 2022: 202). «Әйел бақыты» романына ХХІ ғасырда әйел автордың шығармасы ретінде гендерлік талдау жасалып отырғанымен, еңбектің ХХ ғасырда жазылып, оқиғаның Кеңес үкіметінің құрылуы тұсына сәйкес келетінін ескеру керек.

4. Зерттеу нәтижесі

Гендерлік әдебиеттану тұрғысынан әйел жазушылардың шығармашылығына салыстырмалы және контент талдау жасалып, кейіпкерлердің сомдалуы мен бірегейлігіне тоқталу жаңа әрі тың сала болғанымен, өте өзекті мәселеге жатады. Қазақ жазушы әйелдерінің арасында алғаш роман жазған Сара Мыңжасарованың

«Қыр қыздары» романы гендерлік теория тұрғысынан бұрын талданбаған. Кейінгі басылымдарда «Әйел бақыты» деген атаумен басылып шыққан романның әйел кейіпкерлеріне бірегейлік мәселесі тұрғысынан қарап, алғашқы атауының тақырыпты ашатыны анықталды. Бұл романда автор әйел теңдігі тақырыбын негізге алған. Кеңес Одағы құрамына кірген елдерге әйел теңдігі мәселесі ортақ болғанымен, қыр қыздарының болмысы бөлек. Сондықтан, жазушы Қазақ әйелдерінің бірегейлігін қамти отырып, кейіпкер Балымайдың образы арқылы – қазақ даласында жаңа өкімет орнағанға дейін де білімді, зиялы, өте сауатты әйелдердің болғанын көрсеткен. Ене Дәмелі мен келін Қаншайымның қарым-қатынасы арқылы отбасы, сонымен қатар ене мен келін институттарының жүйесі романда анық жазылған. Байдың бәйбішесі – Шекер мен тоқалы – Сұлусарының күндестік әрекеттері, қалың мал мен әмеңгерлік мәселесі – ХХ ғасыр басындағы қазақ тұрмысынан хабар береді. Шығармада Гауһар деген кейіпкер арқылы көшпелі халық қыздарының жауынгер болмысы ашылған. Атқа мініп, ақтар мен қызылдар қақтығысында жараланғандарға медициналық көмек көрсетеді. Ал бейбіт кезеңде қолына домбыра алып, күй шертеді, ән жаттайды. Сонымен қатар «Әйел бақыты» романында тағдыры жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың Ақбілегіне ұқсайтын Зейнегүл деген кейіпкер бар. Мақалада Ақбілек пен Зейнегүлдің әрекеттері мен шешімдері талданып, кестемен көрсетілді. Екі кейіпкер де ауылға шапқан солдаттардың зорлығына тап болады. Сара Мыңжасарова автор ретінде кейіпкері Зейнегүлді жазғырмайды. Ал ер жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың Ақбілегі: «аузым арам, демім арам» деп өзін қатты қинайды, кіналайды. Әйел жазушының кейіпкері өзінің оқиғалар мен әлеуметтік жағдайдың құрбаны екенін анық түсінеді. Сондай-ақ, Сара Мыңжасарова аталмыш романда әйелдің ғана физиономиясына тән–толғату процессін кейіпкер Бәтиманың әрекеттерімен береді. Зерттеу жұмысында толғақ қысқан әйелдің психологизмінен бөлек, ат үстінде, жорық кезінде толғататын қазақ әйелдерінің бірегейлігіне талдау жасалды. Сонымен қатар, романдағы кейіпкерлердің гендерлік кеңістігіне салыстырмалы талдау жасалып, той-жиын кезіндегі әйел мен ердің әрекеттері мен функционалды қызметтері кесте арқылы көрсетілді.

5. Қорытынды

Қазақ әдебиетіндегі әйел жазушылардың шығармашылығы мен көтерген тақырыбын гендерлік теория тұрғысынан талдау барысында бірегейлік мәселесі негізге алынады. Себебі романда көрсетілгендей бір саяси жүйеде болған посткеңестік елдердегі әйелдердің әлемдегі басқа әйелдерден өз бірегейлігі, оның ішінде тарихи-географиялық жағдайына сәйкес қазақ әйелдерінің өзіндік бірегейлігі бар. Жазушы қазақ даласында әмеңгерлік, қалың мал мәселесі бар болғанымен, қазақтардың ішінде қоғамдық өмірге белсене араласа алатын, хат танитын зиялы әйелдердің, ерлермен бірдей атқа қонып жорыққа араласқан қыздардың, басына қандай ауыр жағдай түссе де, мойымайтын келіншектердің, ене мен келін институтын жалғап, әлеуметтік тұтастықты сақтап тұратын ежелдердің болғанына жеке-жеке образдар арқылы тоқталған.

Ғылым үшін гендерлік әдебиеттану ғана емес, гендерлік отарсыздану және бейотар теориялары да өзекті. Сондықтан қазақ даласына кеңестік феминизм келгенге дейін

Әйелдердің еркіндік туралы түсінігі мен мақалада талданған бірегейлік мәселесі атап көрсеткен теориялар негізінде талдау жасауға жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Адаева Е. Қазақ әдебиетіндегі гендерлік стереотиптер көрінісі. Кіт: Гендер және Қазақстан қоғамы / Құраст.М. Ергебеков, Ж. Темірбекова. – Алматы:DELUX Printery, 2022. – 280 б.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары.Романдар. / Құраст. Атымов М, Керейқұлов Қ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 бет.
3. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
4. Әлімбаев Н. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. / Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 856 б.
5. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция, Нью-Йорк, 1979 жыл, 18 желтоқсан - <https://www.ohchr.org/ru/treaty-bodies/cedaw/introduction> (қаралған күні : 08.08. 2024)
6. Бағдәулетқызы Ә. Қазақ киносындағы архетиптік келін және ене бейнелері // Гендер және Қазақстан қоғамы. Құраст. Ергебеков, М., Темірбекова, Ж. – Алматы: Delux Printery, 2022. – 280 б.
7. Бендрикова А.Ю. Виктимблейминг: социологический аспект изучения // Образование и проблемы развития общества. – 2018. – №1 (5). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/viktimbleyming-sotsiologicheskii-aspekt-izucheniya> (дата обращения: 03.12.2024).
8. Бобровская Е. В. «Государственный феминизм» в СССР: особенности гендерного (не)равенства в советской России // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: История и политические науки. – 2020. – № 4. – С. 133–140. DOI: 10.18384/2310-676X-2020-4-133-140.
9. Burke L., Crowley T., Girvin F. The Routledge language and cultural theory reader. – «Psychology Press», 2003. – 511 p.
10. Craig L., Brown J. Feeling Rushed: Gendered Time Quality, Work Hours, Nonstandard Work Schedules, and Spousal Crossover. – Fam Relat, 2017. – P. 225-242. <https://doi.org/10.1111/jomf.12320>
11. Ковалева А., Перинская Н. Самоидентичность в социологии Э.Гидденса как рефлексивный проект индивида в категориях биографии // Знание. Понимание. Умение. – 2020. – №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/samoidentichnost-v-sotsiologii-e-giddensa-kak-refleksivnyy-proekt-individa-v-kategoriyah-biografii> (дата обращения: 24.11.2024).
12. Кукушкин Ю, Чистяков О. Очерк истории Советской Конституции. – М., Политиздат, 1987. <https://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1918.htm>
13. Low S., Iveson K. Propositions for more just urban public spaces. // City. – 2016. – Vol. 20. No 1. – P. 10-31. doi: 10.1080/13604813.2015.1128679
14. Мирошниченко И., Стяжкина Е. Абортная политика в СССР в 1920-30-е годы: историография вопроса. // Вісник Маріупольського державного університету. Сер.: Історія. Політологія. – 2012. – №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/abortnaya-politika-v-sssr-v-1920-30-e-gody-istoriografiya-voprosa> (дата обращения: 02.12.2024).
15. Мыңжасарова С. Әйел бақыты. Роман. – Алматы: «Жазушы», 2024. – 384 б.
16. Өскембаев Қ. Азамат соғысы мен шетелдік интервенцияның басталуы. Қазақстан тарихы-7 (оқулық) / Құраст. Өскембаев Қ., Сақтағанова З., Зуева Л., Мұхтарұлы Ф. – Алматы: Арман- ПБ, 2019. – 241 б.
17. Rayna R.. Toward An Anthropology of Women. – Monthly Review Press, 1975. – P. 157- 210.
18. Rivkin J, Ryan M. Literature Theory: An Anthology. John Wiley & Sons Ltd, 2017. – P. 48.
19. Showalter E. "Feminist Criticism in the Wilderness." // Critical Inquiry. – vol. 8, no. 2. – 1981. – P. 179-205. JSTOR, <http://www.jstor.org/stable/1343159>. Accessed 2 Dec. 2024.
20. Shokym Gulzhan T., et al. "Images of Men and Women in the Mirror of Gender Metaphors" // Eurasian Journal of Applied Linguistics. – vol. 8, no. 2. – 2022. – P. 272-282. <https://doi.org/10.32601/ejal.911560>

References:

1. Adaeva, E. (2022) Gender Stereotypes in Kazakh Literature. In: Gender and Kazakh Society / Compiled by M. Ergebekov, Zh. Temirbekova. – Almaty: DELUX Printery, – 280 p. (in Kaz.).
2. Aimayytov, Zh. (1989) Works. Novels. / Compiled by M. Atomov, K. Keretskulov. – Almaty: Zhazushy, – 560 p. (in Kaz.).
3. Akhmetov, Z., Shangbayev, T. (1998) Dictionary of Literary Terms. – Almaty: Ana tili. – 384 p. (in Kaz.).
4. Alimbay, N. (2017) Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts, and Terms. / Encyclopedia. – Almaty: TOO "Alem Damu Integratsiya». – 856 p. (in Kaz.).
5. Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination Against Women (1979) New York, December 18, - <https://www.ohchr.org/ru/treaty-bodies/cedaw/introduction> (Accessed: 08.08.2024).
6. Bagdauletkyzy, A. (2022) Archetypal Images of Daughter-in-Law and Mother-in-Law in Kazakh Cinema. // Gender and Kazakh Society. Compiled by Ergebekov, M., Temirbekova, Zh. – Almaty: DELUX Printery. – 280 p. (in Kaz.).
7. Bendrikova, Albina Yuryevna. Victim Blaming: Sociological Aspect of Study. // Education and Problems of Society Development. 2018. No.1 (5). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/viktimbleyming-sotsiologicheskii-aspekt-izucheniya> (Accessed: 03.12.2024). (in Russ.).
8. Bobrovskaya, E. V. (2020) "State Feminism" in the USSR: Features of Gender (In)Equality in Soviet Russia. // Bulletin of Moscow State Regional University. Series: History and Political Sciences. No. 4. P. 133–140. DOI: 10.18384/2310-676X-2020-4-133-140. (in Russ.).
9. Burke, L., Crowley, T., Girvin, F. (2003.) The Routledge Language and Cultural Theory Reader. Psychology Press. – 511 p. (in Eng.).
10. Craig, L., Brown, J. (2017) Feeling Rushed: Gendered Time Quality, Work Hours, Nonstandard Work Schedules, and Spousal Crossover. *Fam Relat*, Vol. 79, pp. 225-242. <https://doi.org/10.1111/jomf.12320>. (in Eng.).
11. Rivkin J, Ryan M. (2017) Literature Theory: An Anthology. John Wiley & Sons Ltd. – 1948 p. (in Eng.).
12. Kovalyeva, A., Perinskaya, N. (2020) Self-Identity in E. Giddens' Sociology as a Reflexive Project of the Individual in Biographical Categories. // Knowledge. Understanding. Skill. No.1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/samoidentichnost-v-sotsiologii-e-giddensa-kak-refleksivnyy-proekt-individa-v-kategoriyah-biografii> (Accessed: 24.11.2024). (in Russ.).
13. Kukushkin, Yu., Chistyakov, O. (1987) Essay on the History of the Soviet Constitution. M., Politizdat, URL: <https://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1918.htm>. (in Russ.).
14. Low, S., Iveson, K. (2016) Propositions for More Just Urban Public Spaces. – City. – Vol. 20. – No. 1. – P. 10-31. doi: 10.1080/13604813.2015.1128679. (in Eng.).
15. Miroshnichenko, I., Styazhkina, E. (2012) Abortion Policy in the USSR in the 1920s-30s: Historiography. // Bulletin of Mariupol State University. Series: History. Political Science. No.3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/abornaya-politika-v-sssr-v-1920-30-e-gody-istoriografiya-voprosa> (Accessed: 02.12.2024). (in Russ.).
16. Mynzhassarova, S. (2024) Woman's Happiness. Novel. – Almaty: Zhazushy. 384 p. (in Kaz.).
17. Oskembayev, K. (2019) The Beginning of the Civil War and Foreign Intervention. History of Kazakhstan-7 (Textbook) / Compiled by Oskembayev, K., Saktaganova, Z., Zueva, L., Mukhtaruly, G. – Almaty: Arman-PV. – 241 p. (in Kaz.).
18. Rayna, R. (1975) Toward an Anthropology of Women. // Monthly Review Press. 157–210 p. (in Eng.).
19. Showalter, E. (1981) "Feminist Criticism in the Wilderness." *Critical Inquiry*, vol. 8, no. 2, 179-205 p. <http://www.jstor.org/stable/1343159>. Accessed: 02.12.2024. (in Eng.).
20. Shokym, Gulzhan T. (2022) et al. "Images of Men and Women in the Mirror of Gender Metaphors." *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, vol. 8, no. 2. P. 272–282. <https://doi.org/10.32601/ejal.911560>